

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Урисова А.И. – аға оқытушы, ШУ Экономикалық институты,
Қойшыбаева Н.И. – доцент, п.ғ.к., **Жунисбекова Ж.А.** – доцент, п.ғ.к.,
Усербай А. – ТП-18-13р тобы, М.Әуезов ат.ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Дүние жүзінде, оның ішінде Қазақстанда толық жетілген тұлғаны тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік-экономикалық, психологиялық мәселелерін күннен-күнге күрделене түсуде. Осыған орай бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни адамгершілік тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды психологиялық-педагогикалық міндеттері оқушылардың белсенді өміршілік ұстанымын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы оқушылардың ата-анаға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Адамгершілік тәрбиесі бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі:

- өмір талабына сай қоғамдық моральдық ережесін орындауға лайықты шәкірттерді тәрбиелеу;
- оқушының бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- оқушының санасына және мінезіне ұстаздың ықпал жасау;
- Отанға, халқымызға, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін күшейту.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие шаралары балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке бас ерекшеліктеріне, қызығушылығына лайықты жасалады.

Адамгершілік тәрбиесі оқу-тәрбие үрдісінің барлық сапаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік нормаларын құр жаттап алу жеткіліксіз, оны терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру және толғануды мінез-құлыққа бекіту керек.

Тәрбие ісі әрбір нақты кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар ұстайды, жек басты соған әзірлейді.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен - оқыту үрдісі барысында жүзеге асады. Түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге белсенді көзқарасы, Отан туралы ұғымдары қалыптасады және кеңиді. Үлкенді сыйлауды, ата-аналарды құрметтеуге, еңбектенуге, ізеттілік сақтауға үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсінуге дағдыланады. Олар мектепте оқу-әрекетіне өзінің қатынасын, жанұяда, қоғамдық орында өзін-өзі ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлқы және адамгершілік қарым-қатынасы байиды.

Оқушылар бойына тәрбие дарытуда мектепте оқытылатын пәннің бәрі бірдей дәрежеде маңызды. Әсіресе оқушыларды адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі-тарих. Ол шәкірттерде отансүйгіштік, ұлтжандылық, идеялық сезімді қалыптастырады. Қазақ халқының тарихына байланысты хандарымыз бен билеріміздің, шешендеріміз бен жырауларымыздың орны бөлек. Тарих пәні оқушының рухани байлығын кеңейтіп, өзінің қоғамдағы орнын түсінуге көмектеседі, ұрпақтың батырлығына көмек көрсетуді тудырады, олардың ізгі талап-тілектерін оятады. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті

оқушылардың еңбек сүйгіштік, ұқыптылық, моральдық қасиеттерін қалыптастырады.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндер арқылы ғана емес, сыныптан тыс тәрбие сабақтарында, үйірме жұмыстарында адамгершілік тәрбиеге баулуға болады. Ондай жұмыстар түрінде сынып жетекшісінің этикалық әңгімесі, моральды-этикалық жарыстар, пікір сайыстар жатады.

Адамгершілік тәрбиесінің басқа тәрбие салаларына қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қоршаған ортаға, қоғамдық қарым-қатынасқа, рухани байлыққа байланысты.

«Егер баланы тәрбиеленген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруде тиімді ықпал жасайды», - дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», - деген болатын В.А.Сухомлинский.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны жан-жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс әрекеті мен мәдениет субъектісі, ол іс әрекеті мен қарым-қатынас иесі.

Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Әркімнің өз басының адамгершілік тәжірибесі басқа адамдардың тәжірибесін тиянақты игеру үшін жағдай туғызады. Бұл тәжірибе балаларға адамгершілікті үйрету үрдісінде дамытылады.

Сонымен, адамның адамгершілік қасиеттері өмірге көзқарасынан, дұрыс не нашар мінез-құлқынан көрініс беріп отырады, ал дұрыс мінез-құлықты, өмірге көзқарасты қалыптастыру адамның өскен ортасына, тәрбиеге тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995.
2. Әбиев Ж.Ә. Педагогика. – Алматы: «Дарын», 2004.